

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры
Т.Балықбаевтың Алматы қаласы жұртшылығының алдындағы есебі**

17 қыркүйек 2019 ж.

Құрметті Алматы қаласының тұрғындары!

Қадірлі зиялы қауым өкілдері мен қонақтар!

ҚР Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» № 190 Жарлығына сәйкес мен бүгін Сіздердің алдарыңызда университетіміздің жыл ішінде атқарған жұмысы туралы есеп бергелі отырмын. Жиынымызға қош келдіңіздер.

Бүгінде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Қазақстандағы педагогикалық жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып отыр. Оған мына төмендегі жетістіктеріміз дәлел.

Университет білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттіктің (НАОКО) «Білім» бағыты бойынша институционалдық рейтингісінде **1 орынға шықты.**

Қазақстан жоғары оқу орындары ҚР – 2019 тәуелсіз ұлттық рейтингісінде (НААР) **5-орын алды.**

Білім беру бағдарламалары бойынша тәуелсіз ұлттық рейтингісінде ТОП -3 қатарына енді.

Халықаралық рейтингілер бойынша:

QS World University Ranking-2020 рейтингісінде 561-орын, қазақстандық жоғары оқу орындары арасында 4-орын алды (2019ж. – 481,5).

«QS EESA-2020» рейтингісінде **103** орынға жайғастық.

Webometrics Ranking of World Universities (қаңтар 2019) рейтингісінде Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында **1-орын** (2018 жылы – 4 орын) алдық.

Web of Science рейтингісі бойынша Қазақстан Республикасы педагогикалық жоғары оқу орындары арасында **1-орынға шықтық.**

2018 жылғы 5 қазанда Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 90 жылдық мерейтойын жоғары деңгейде атап өткеніміз өздеріңізге белгілі. Мерейтой салтанатында Мемлекеттік хатшы Гүлшара Наушақызы Әбдіхалықова Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Құттықтау хатын оқып берді.

Университет ұжымын 90 жылдық мерейтоймен сол кездегі ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы **Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев**, ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы **Нұрлан Зайроллаұлы Нығматуллин**, ҚР Премьер-Министрі **Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаев**, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасы **Қайрат Әбдіразақұлы Мәми** және Министрлер, Парламент депутаттары, көрнекті мемлекет қайраткерлері құттықтады.

90 жылдық мерейтой аясында 26 қыркүйек пен 5 қазан аралығында 10 ірі іс-шара өткізілді. Оның ішінде Еуразиялық одаққа мүше мемлекеттердің педагогикалық жоғары оқу орындары қауымдастығының халықаралық форумы; Математикалық модельдеу бойынша халықаралық конференция, ҚР Жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің мәжілісі, Университет түлектерінің форумы, Студент-жастардың республикалық футбол турнирі сияқты маңызды іс-шаралар бар.

Мерейтойлық салтанатқа 5 мың адам қатысты, оның 119-ы шетелдік қонақтар. Олар бізбен серктес 23 елдің жоғары оқу орындарының ректорлары мен өкілдері, АҚШ-тың, Италияның, Францияның, Австралияның, Венгрияның, Польшаның, Ресейдің, Арменияның, Қырғыстанның және басқа да елдердің көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Қазақстанның 69 жоғары оқу орындарының ректорлары, республикамыздың ғылыми-педагогикалық жұртшылығының өкілдері болды.

Университеттің құрылымына келсек, бізде бүгінде 7 профильді институт, бір шетелдік азаматтарға және жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, 30 кафедра, әскери кафедра, «ЮНЕСКО» кафедрасы жұмыс істейді.

Инновациялық паркіміз 8 ғылыми орталықты біріктіріп отыр.

Жаңадан **«Қазақстан Халқы Ассамблеясы»** кафедрасы, педагогикалық **STEM-парк**, медиация орталығы, **«Smart students»** коворкинг орталығы, Coll-орталығы ашылды.

Университеттің байқау кеңесі 13 адамнан тұрады, оның 3-і тәуелсіз байқаушылар.

Кеңестің төрағасы Тұңғыш Президент – Елбасы Кеңесінің басшысы – **Махмұт Базарқұлұлы Қасымбеков.**

Байқау кеңесінде мынадай өзекті мәселелер қаралды:

- Университеттің 2025 жылдарға дейінгі кезеңге арналған даму стратегиясын бекіту және оның орындалу барысы туралы;
- Университеттің қаржылық есебі аудитінің нәтижесі;
- Бюджеттің орындалуы және бюджеттің кірісі мен шығысы;
- Абай атындағы ҚазҰПУ-дың халықаралық қызметін дамыту;
- Университеттің инфрақұрылымын дамыту.

Университеттің 2025 жылға дейінгі даму стратегиясы:

Атқарылған мақсаттар мен міндеттер:

- Университеттің негізгі құзыреттілігі қалыптастырылды;
- «Педагогикалық білім беру көшбасшысы» ұғымы қалыптасты;
- «XXI педагогінің бейнесі» жобасы жүзеге асырылды;
- Университеттің корпоративтік мәдениеті құндылықтары айқындалды;
- Университеттің әкімшілік басқару персоналы мен профессор-оқытушылар құрамы жұмысының нәтижесін бағалаудың жаңа механизімі мен принциптері енгізілді.

2025 жылға дейінгі даму стратегиясының басты мақсаттары мыналар:

1. Білім алушылар контингенті 10.000-ға жеткізу;
2. Білім алушылар құрамын интернационализациялау мақсатымен шетелдік әріптес университеттермен бірлесе отырып педагогикалық кәсіп бойынша 15 қосдипломды білім беру бағдарламасын жүзеге асырылу көзделіп отыр.
3. Абай атындағы ҚазҰПУ-да оқитын шетелдік студенттер санын ең кемі 5 пайызға арттыру;
4. QS World University Rankings рейтингіндегі ТОП-450 бойынша 10 000 -15-5%-450 деңгейіне жету мақсатымыз.

Білім алушылар контингенті

Жалпы саны: 10460 білім алушы, оның ішінде 452 (4,3%) шетелдік студенттер.

2017-2019 жылдардағы контингент:

10460 адам – 2019 (+27%)

8209 адам – 2018 (+18%)

6942 адам – 2017

Жыл сайын оқуға қабылданушылар саны артып келеді. Айталық, бакалавриатқа 2019 жылы 3745 адам қабылданса, ол 2018 жылы 2715 адам болатын.

PhD докторантураға 2019 жылы 89 адам қабылданып отыр. Өткен жылғы көрсеткішіміз 224 болатын.

Сонымен 2019 жылы барлығы 4381 адам оқуға қабылданды, ол 2018 жылы 3654 адам болатын.

2019 жылы 1 курсқа қабылданғандар ішінде 316 «Алтын белгі» иегерлері бар, оның 185 –і педагогикалық мамандықтар бойынша (59%), 182 үздік аттестат иегерлері, оның 111-і педагогикалық мамандықтар (61%), 47 үздік диплом иегерлері, оның ішінде 33 педагогикалық мамандық бойынша (70%).

Білім сапасына келер болсақ, ВОУД-2019-дың орташа балы 86 болды, ал республика бойынша орташа көрсеткіш **84 балл** болған еді. 12 студент ҚР Президентінің степендиясын алды. **203 білім** алушы оқуды үздік дипломмен бітірді.

2018/2019 оқу жылында үлгерім бакалавриатта **78 пайыз**, магистратурада **85 пайыз** болды.

Түлектер бойынша айтар болсақ, университетті 2019 жылы **1800 түлек** бітірді, бұл 2018 жылы **1934 болатын**. Бітірушілердің **97 пайызы** жұмысқа орналастырылды. 2018 жылы бұл көрсеткіш **95 пайызды** құраған.

Жұмыс берушілер тарапынан бос орын жәрмеңкесінде 120 түлек жұмысқа орналастырылды. (2018 ж -72).

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың «Мансап» жедел қосымшасы жасалды.

Кадрлық әлеуетке келер болсақ, университетте жалпы **915** профессор-оқытушылар жұмыс істейтін болса, оның **819-ы** штаттық (89%) профессор-оқытушылар, олардың ғылыми дәрежеленуі **66 пайыз**, ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамының орта жасы – **51**, профессор-оқытушылар құрамының рейтингісінде жоғары көрсеткішке жеткен **71 оқытушы** үстеме ақы алып отыр.

Университет профессор-оқытушылар құрамының ішінде **13** ҚР Ұлттық ғылым академиясының академиктері мен корреспондент- мүшелері, **24** әртүрлі қоғамдық академиялардың мүшелері, **17** шығармашылық одақтарының мүшелері, **8** еңбек сіңірген жаттықтырушы, 14 спорт шеберлері, **137** ағылшын тілді оқытушылар еңбек етеді.

2018/2019 оқу жылында университет бойынша **12 адам** мемлекеттік марапатқа ие болды, оның ішінде **2 адам** – «Парасат», **7 адам** «Құрмет» орденімен, **3 адам** «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Сонымен бірге Білім және ғылым министрлігінің медальдарымен **137 адам**, Мәдениет және спорт министрлігінің медальдарымен **5 адам** марапатталды.

2018 жылы университеттің 7 оқытушысы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы – 2018» атағын жеңіп алды. Олар: «Музыка және хореография» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты **Ахметова Айымгүл Қадырбайқызы**, «Физика» кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының докторы **Бисембаев Қуатбай**, STEM-парк директоры, физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент **Бектас Ғаниұлы Бостанов**, «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор **Бөрібаев Ермек Әбілтайұлы**, «ПМНО» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы **Жұмабаева Азия Елеупанқызы**, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті тарих ғылымдарының кандидаты **Қалыбекова Манара Чальтенқызы**, «Саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер» кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы **Құсайынов Дәуренбек Өмірбекұлы**.

2018 жылы ҚР Жоғары оқу орындары профессор-оқытушылар құрамының Бас рейтингінде (ТОП-50) «Химия» кафедрасының профессоры, химия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі **Бектұров Есен Әбікенұлы** 8 орын, «Физика» кафедрасының меңгерушісі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі **Косов Владимир Николаевич** 24 орын алды.

2018 жылы Қазақстан ғалымдары арасында «Scopus» индексі бойынша заң ғылымдарының докторы, профессор **Хамзина Жанна Амангелдіқызы** және «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі заң ғылымдарының докторы, профессор **Бөрібаев Ермек Әбілтайұлы** әлеуметтік ғылымдар саласындағы үздік зерттеушілер атанды.

Оқытушылардың біліктілігін жоғарылату жөнінде университетімізде айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатқанын мына слайдтардан көре аласыздар (**18-19-20 беттердегі слайдтар көрсетіледі**).

Білім бағдарламалары

Университетте педагогикалық білім беру, экономика және бизнес, құқықтану және халықаралық қатынастар, әлеуметтік және қоғамдық

ғылымдар салалары бойынша бакалавриатта, магистратурада және PhD докторантурада кәсіби мамандар даярлау үшін инновациялық бағдарламаларды жобалау мен оны жүзеге асырудың тиімді жүйесі жасалған. Бұл бағдарламалар негізінен педагогикалық, өнер және гуманитарлық ғылымдар, әлеуметтік ғылымдар, журналистика мен ақпарат, бизнес, басқару және құқық, жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, ақпараттық коммуникативтік технологиялар, инженерлік, өңдеуші және құрылыс, қызмет көрсету салалары ғылымдарын қамтиды.

Білім беру бағдарламаларының 8-і кадр даярлау бағытын қамтыды. 295-і білім бағдарламалары, оның 55-і аккредиттелген, 12-сі рейтингіде (4-НАКО, 8 НААР) жоғары көрсеткішке жетті.

Білім беру бағдарламаларының деңгейі слайдта көрсетілген (22 бет),

Major+minor бойынша 82 бағдарлама әзірленді. Оның ішінде: бакалавриатта – 60 (педагогикалық профиль), магистратурада – 14 (оның 10-ы педагогикалық), PhD докторантурада – 8 (4-і педагогикалық) бағдарлама бар.

Major: арнаулы педагогика, информатика, тарих, музыкалық білім беру, педагогика және бастауыш білім беру әдістемесі бағдарламалары жасалған.

Minor: олигофренопедагогика, информатика және робототехника, цифрлық тарих, хорды дирижерлеу, инклюзивті білім беру бағдарламалары жасалған.

Есеп беріліп отырған кезеңде оқу-әдістемелік жұмыста да едәуір ілгерлеушілік болғанын атап өтуім керек. 2018-2019 оқу жылында 243 оқулық пен оқу құралы шығарылса (2017-2018 ж. – 208), оның 43-і орта білімнің жаңартылған мазмұны бойынша оқулықтар (2017-2018 -26), жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар – 94 (бұрын – 48), мұның ішінде БҒЖМ грифімен 18 оқулық (бұрын 4), оқу құралдары оның ішінде, РОӘК грифі бойынша 10 (былтыр 22), жұмысшы оқу жоспарлары 699 (былтыр – 628), пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен 5908 (4107), элективті пәндер каталогы 295 (134).

Мұғалім даярлауды белсендіру бойынша есеп беріліп отырған мерзімде бірқатар жұмыс атқарылды. Атап айтқанда, «Педагогикалық өлшем», «Адаптацияланған инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыру»,

«Community Servise» «Білім берудегі менеджмент және электорндық құжаттандыру» сияқты жаңа оқу бағдарламалары енгізілді. «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология», «Химия-биология», «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу», «Физика-Информатика» пәндерін оқытатын мұғалімдер даярлау көлемі едәуір артты. Оқытудың жаңа әдістемесі мен технологиясы енгізілуде. Оның ішінде STEM білім беру, тіл мен CLIL-ді шоғырландырып оқыту технологиясы, сабақ берудің интерактивті технологиясы, Smart –мақсат қоюдың әдістемесі сияқты жаңа технологиялар бар.

Есепті мерзімде университет базасында ашылған педагогикалық STEM-парктың негізгі қызметі – білімалушылардың зерттеушілік және конструкторлық жұмысын жүргізу, техникалық шығармашылық, бағдарламалау, робототехника және мехатроника бойынша үйірмелердің жұмысын үйлестіру, студенттер мен оқышыларды олимпиадалар мен конкурстарға дайындау және оны өткізу болып табылады. STEM-парк мехатроника мен өлшеуіш жүйелері, нысандарды компьютерлік моделдеу жан 3D –баспасы, механикалық жүйелерді бағдарлау салалары бойынша жұмыс істейді.

Педагогикалық білім беруді модернизациялау бойынша атқарылған жұмыста бірқыдыру. Осы мақсатпен РОӘК-пен бірлесе отырып Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім беру академиясымен, Назарбаев зияткерлік мектептерімен бірге Қазақстан жоғары оқу орындарына арнап «Педагогикалы профильдегі білім беру бағдарламаларындағы жаңартылған орта білім мазмұнын интеграциялау тақырыбында семинар өткізілді. «Өзгермелі әлем жағдайындағы білім беру ұйымдарын басқару» тақырыбындағы семинар да осы мәселеге арналды. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты И.Смирнованың қатысуымен «Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы білім беруді жаңарту» тақырыбындағы дөңгелек үстелде педагогикалық білім беруді модернизациялауға арналды. «Білім беру альянсы Консорциумы құрылды.

Ғылыми зерттеу университеті атану жолында атқарылған жұмыстар да айтарлықтай. ҚР Білім және ғылым министрлігінің гранты бойынша құны 186 млн. теңгелік 21 ғылыми жоба алып отырмыз. 50 млн. теңге НИУ ВШЭ-мен бірге орындалатын 5 жоба, 26,7млн теңге жас ғалымдардың университетті 23 жобасы жүзеге асырылуда. Шаруашылық келісім бойынша 34,4 млн. теңгеге 2 жоба орындалуда. 30 млн. теңгеге университеттік жоба, 60 млн. теңгеге ҒЗИ-мен бірге жаңа жобалар алынды.

Web of Science және **Scopus** мәліметтер базасында жарияланатын ғылыми мақалалар саны артты. ПОҚ-ты нөлдік h-index-тегі жарияланымдары көбейді. Көптеген авторлық жобаларға қол жетті.

Жыл ішінде көптеген ғылыми іс-шаралар өткізілді. Оны мына слайдтан (31, 32, 33, 34, 35, 36, 37) көре аласыздар.

Халықаралық әріптестік – университет жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінде әлемнің 32 елінің белді университеттерімен 160 шарт бойынша жұмыс істеп отырсақ, 2018/2019 оқу жылында 30 келісім жасастық.

Магистратураның 11 қосдипломды бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның ішінде Францияның Сорбонна-Париж-Ситэ, ИНАЛКО, Париж Дидор-7 университеті, Пуатье университеті, Экс-Марсель университеті, Польшаның Слупск қаласындағы Помор академиясы, Мәскеудің қалалық педагогикалық университеті бар.

Еразмус+ жобасына француз тілді елдер университеттерінің бағдарламасына «Мевлана» бағдарламасына, Литуанистика академиялық ұтқырлықты дамыту орталықтары бағдарламаларына атсалысудамыз. Көптеген халықаралық білім беру жобаларына қатысудамыз.

Халықаралық Абай орталықтарының жұмысы жылдан-жылға жанданып келеді. Бұған дейін Іле педагогикалық университетінде (ҚХР), Ханой ұлттық педагогикалық университетінде (Вьетнам), Хошимин педагогикалық университетінде (Вьетнам), Эрзинжан университетінде (Түркия) Абай орталықтары жұмыс істеп келсе, 2019 жылы Польшаның Помор Академиясы мен Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде (Ресей) жаңа Абай орталықтары ашылды.

Академиялық ұтқырлық бойынша осы мерзімде тиісті нәтижелерге қол жетті. Мысалы, сыртқы академиялық ұтқырлық бойынша 83 адам (2017/2018ж. – 38) білім алса, ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша –260 адам (2017/2018 ж.150) білім алды.

«Сорбонна-Қазақстан» институты магистратураның «Жаһандық жағдайдағы халықаралық диалог» (Сорбонна Париж-Ситэ университеті, ИНАЛКО, 2014), «Бүгінгі әлемдегі өзгерістерді басқару» (Париж Дидро-7 университеті, 2014/2017), «Фискалдық құқық», «Француз және Еуропалық құқықтық және экономикалық жүйеге кіріспе» (Лотарингия университеті

2019), «Халықаралық және Еуропалық құқық» (Страсбург университеті) және т.б. қосдипломдық бағдарламаларын жүзеге асыруда.

Институтты 90 түлек бітіріп шықты.

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру, студенттердің өзін-өзі басқаруын жетілдіру, студенттер спортының бұқаралығын арттыру, білімалушылардың шығармашылығын дамыту, оларды әлеуметтік қолдау мәселелеріне арналған.

«Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі жоспарланған іс-шараларды жүзеге асыруда, басқа ЖОО-лармен, жастар ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен бірге бірлескен жобаларды жүзеге асыруда. «100 жаңа есім – Тұлғатану» цикілі бойынша еліміздің тәуелсіздігі үшін күрескен, ел дамуына, руханиятымызға үлес қосқан көрнекті тұлғалар туралы танымдық дәрістер өткізіп, студент-жастарды тұлғалық қасиеттерге тәрбиелеуде. «Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық» жобасы аясында оқу үдерісіне әлемдегі ең таңдаулы 49 оқулық енгізілді. Қазақшаға аударылған бұл оқулықтар 9000 дана тиражбен тарады. «Туған жер» бағдарламасына орай «Мен елімді жырлаймын» тақырыбында жас ақындар конкурсы, «Алғысым шексіз, Қазақстан» этно-мәдени іс-шаралары өткізілді. «Қазақстанның қазіргі мәдениеті жаһанданған әлемде», «Қазақстанның сакральды географиясы» жобалары бойынша атқарылған іс-шаралар да баршылық.

Университетімізде 2018 жылы ашылған «Ұлы Дала тұлғалары» орталығы 65 танымдық кездесу, 18 фестиваль, 14 лекциялар циклін, 10 конкурс, 24 конференция, 18 ғылыми семинар өткізді.

Студенттердің шығармашылығы мен демалысына тиісті көңіл бөлінуде. Әртүрлі ұлт өкілдерінің балаларынан құралған «Бірілік» студенттік ассамблеясы, 40 шығармашылық клубтар мен үйірмелер, С.Сейфуллин атындағы әдеби бірлестік, «Апорт» КВН командасы жұмыс істейді. Волонтерлік қызмет кеңінен өріс алуда. 2 студенттік отряд жасақталған.

Биылғы «Жастар жылы» аясында «Менің пірім – Сүйінбай» тақырыбында республикалық жас ақындар айтысы, «Ұлы Дала жастары: қоғам, білім, болашақ» тақырыбында республикалық пікір-сайыс, «Абай сыйы» пәндік олимпиадасы, «Жобалық START конкурсы, «Active style» спорттық мерекесі («Медеу»), «Студент көктемі» іс-шаралары өткізілді.

Студенттердің өзін-өзі басқаруын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Осы мақсатпен «Студенттік ректорат», «Smart students» коворкинг орталығы, «Sanaly urpaq» клубы, «ЖасStart» музыка студиясы, жас ақындар орталығы осы істің жарқын көрінісі.

Спорттағы табыстарымызда айтарлықтай. Мысалы, 2018 жылы Индонезияда өткен XVIII жазғы Азия ойындарында Әділет Дауылбаев еркін күрестен III орын алды. Ол спорттың осы түрінен Шымкентте болған республикалық чемпионатта студенттеріміз Әділет Дауылбаев I орынға ие болды.

X жазғы универсиадада студенттеріміз Егінбек Дәнекер мен Мәдина Есбосынова самбодан, Қуат Әміртаев осы универсиадада еркін күрестен I орын алды. Тағы бір студентіміз Ерсұлтан Жорабек Қазан қаласында өткен белбеулі белдесуде III орынға ие болды. самбо күресінен халықаралық турнирде есе жібермей, қола медаль олжалаған студентіміз Нұрлан Дидар да мақтанышымыз. Университетімізде спортты серік етіп, биіктен көрініп жүрген білімгерлер баршылық.

Студенттерді әлеуметтік қолдау басты назарымызда. Есепті мерзімде олардың оқуына 244 млн. 148 мың теңге жұмсалды. 1382 студент оқу ақысына 10-50 пайыз жеңілдік алды. Олардың ішінде жетім, жартылай жетім, тұрмысы төмен көпбалалы отбасынан шыққан балалар бар.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде цифрландырудың жол картасы жасалып, жүзеге асырылуда. Осыған байланысты білім беру, білімді бақылау, ғылыми-зерттеу, ұйымдастыру-басқару қызметін, одан тыс қызметтерді цифрландыру жүріп жатыр. үстіміздегі жылы электрондықұжатайналымы, УС «Univer» жүйесі енгізілді. Оның аясында профессор-оқытушылар құрамының рейтингісі қалыптастыруды, жатақханалардан орын бөлудің, білімалушылардың жұмыстарын плагиаттан тексерудің автоматтандырылған жүйесі енгізілді. Оқытушылардың цифрлық сауатын ашу курсы өтті.

Университетте жемқорлыққа жол бермеу, оның алдын алу жөнінде бірқатар игілікті шаралар жүзеге асырылды. 2018 Академиялық адалдық кодексі, жемқорлыққа қарсы саясат жөніндегі тұжырымдама қабылданды. Осы мәселе бойынша 2018-2020 жылдарға арналған жол картасы жасалды. Жемқорлыққа тосқауыл қою жөніндегі кеңес, студенттердің «Саналы ұрпақ» клубы жұмыс істеп, Антикоррупциялық мониторинг жүргізілуде (анкеттеу),

«Біз жемқорлықсыз қоғам үшін» акциясы өткізілді. Парасаттылық кеңсесі ашылды.

Қаржы қызметінің көрсеткіштері

Университеттің табысы 2018 жылы 4.983.713 мың (2017 ж. 4.188.923 мың) теңге болды.

Қаржылық шығысы: 4.907.556 мың (2017 ж. 4.098.081 мың) теңге. Степендиялық қамтамасыз ету 1.825.686 мың (2017 ж. 1.177.000) теңге болды.

Негізгі қорларды сатып алуға 247.688 мың. (275.785 мың) теңге жұмсалды.

Таза табыс 76 157 мың (2017 ж. 90.842 мың) теңге болды.

Республикалық бюджетке 8.773 мың аударылды.

2019 жылдың 1 қаңтарынан профессор-оқытушылар құрамының жалақысы 15 пайызға, әкімшілік-басқару, оқу-қосалқы қызмет персоналының жалақысы 10 пайызға, қызмет көрсетушілердің айлығы 44 пайызға көтерілді.

Инфрақұрылым

Бүгінде университеттің 15 оқу ғимараты бар (оның жалпы көлемі 54.315 м²) 374 аудитория, 65 оқу-ғылыми зертханалары мен шеберханалары, 52 мамандандырылған кабинет, 37 компьютерлік сыныбы, 9 лингафондық кабинеті қызмет көрсетеді.

Жалпы аумағы 17.159.6 м² болатын 5 жатақхана, кітап қоры 1.711.000 дана ғылыми кітапханасы, жалпы аумағы 18.000 м² құрайтын «Спартак» стадионы, жаңа спорт залы, көлемі 1.000 м² болатын асханалары мен буфеттері, денсаулық сақтау пункті студенттерге қызмет істейді. Қапшағай көлінің жағасына «Ұстаз» оқу-өндірістік кешені жұмыс істейді.

№5 жатақханаға ағымдағы жөндеу, № 1, 2, 3, 8 жатақханаға әктеу-сырлау жұмыстары жүргізілді. №2 оқу корпусы реставрациядан өтті. 40.000 шаршы метр аумақ жөнделсе, оған 290 млн. теңге жұмсалды.

2019/2020 оқу жылындағы міндеттер

Бұл жыл университетте **Абай жылы** болып жарияланып отыр. Сондай-ақ университеттің Стратегиясын жүзеге асыру басты міндет. Цифрлы университет, Зерттеу университеті атану жолындағы іс-қимыл жалғасады.

Жаңа буынды білім беру бағдарламаларын енгізу, Білім беру бағдарламалары жылы атану үшін күш-жігер жұмсалады. Академиялық адалдық принциптерін сақтау басты міндет.

ISO ISO 37001: 2016 «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі» стандарты енгізіледі. Педагогикалық профильдегі профессор-оқытушылар мектептерде 30 сағаттан жұмыс істейді.

Оқудан қол үзбей педагогикалық практика – дуальды оқыту жүзеге асырылады. Бітіретін курстар бүкіл оқу жылы бойында аптасына 4 күн мектепте жұмыс істеуге тиіс.

Волонтерлық қозғалыс одан әрі дамытылады.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет!